

Қазақстан Республикасының жоғарғы Кеңесі мен халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің немесе олардың органдарының құрамына сайлануы нәтижесінде қызмет міндеттерін орындаудан босатылған әскери қызметшілердің - халық депутаттарының әскери қызметті өткеруінің ерекшеліктері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1993 жылғы 5 наурыз N 172. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.04.29. N 523 қаулысымен.

Халық депутаттары болып табылатын және Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі мен халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің немесе олардың органдарының құрамына сайлануы нәтижесінде қызмет міндеттерін орындаудан босатылған офицер құрамындағы адамдардың әскери қызметті өткеруін тәртіпке келтіру мақсатында және "Қазақ КСР-індегі депутаттардың мәртебесі туралы" 1990 жылғы 13 қарашадағы Қазақ КСР Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Халық депутаттары болып табылатын, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің, халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің, осы Кеңестер құратын тұрақты комиссиялардың, комитеттердің және басқа органдардың құрамына сайлануы нәтижесінде қызмет міндеттерін орындаудан заңға сәйкес босатылған әрі запасқа шыққысы келмейтін Қазақстан Республикасы қарулы Күштерінің офицер құрамдағы адамдарды әскери қызметке қалдырылып, тиісті Кеңестерге і с с а п а р ы н а ж і б е р і л с і н .

Іссапарына жіберу халық депутатын қызмет міндеттерін орындаудан босату туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің немесе халық депутаттары жергілікті Кеңестерінің шешімдері негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығымен жүргізіледі. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне және халық депутаттары жергілікті Кеңестеріне іссапарына жіберу осы Кеңестердің тұрақты комитеттері немесе комиссиялары қабылдаған осындай шешімдер негізінде де жүргізіледі.

Іссапарына жіберу Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі немесе халық депутаттарының жергілікті Кеңестері, сондай-ақ осы Кеңестердің тұрақты комитеттері немесе комиссиялары белгілейтін мерзімге жүзеге асырылады.

2. Былай деп белгіленсін:

а) әскери қызметке қалдырылып, Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдарға кезекті әскери атақ белгіленген тәртіп бойынша беріледі.

Полковник атағын қоса кезекті әскери атақ офицер құрамдағы адамның Кеңеске іссапарына жіберілгенге дейін болған штаттағы соңғы лауазымы бойынша әскери атағына берілетін әскери атақ сәйкес келген жағдайда, іссапарына жіберілгеннен кейін осы лауазым бойынша штаттағы әскери атаққа енгізілген өзгеріс еске алынбастан, берілген атақта еңбек сіңірудің белгіленген мерзімі өткеннен соң беріледі. Іссапарына жіберілген офицерлерге олардың іссапарға жіберілгенге дейін болған соңғы әскери атағына сәйкес полковникке дейінгі атақты қоса кезекті әскери атақ беруді кідірте тұру Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі комитеттерінің немесе халық депутаттары жергілікті Кеңестері тұрақты комиссияларының келісуі бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Полковникке дейінін қоса кезекті әскери атақты мерзімінен бұрын немесе іссапарға жібергенге дейін болған штаттағы соңғы лауазымы бойынша көзделген бір саты жоғары әскери атақты беру белгіленген тәртіппен жүргізіледі;

б) әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдарға аттестациялау жасалмайды;

в) әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдарға және олардың отбасыларына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеріп жатқан офицер құрамдағы адамдар мен олардың отбасыларына берілген хұқықтар, жеңілдіктер мен артықшылықтар сақталады.

Әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген, тұрғын үй жағдайын жақсартуға мұқтаж офицер құрамдағы адамдарға тұрғын жай беру кезегі, сондай-ақ бұрынғы тұрған жерінде немесе қызмет өткеріп жүрген жерінде мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі орын сақталады. Олар және олардың отбасылары бұрынғы қызмет өткерген жерінде медициналық қамтамасыз етумен, мектепке дейінгі балалар мекемелерін, пионер лагерлерін пайдалануды жалғастыра алады.

Офицер құрамдағы адамдардың Кеңестегі немесе оның органдарындағы өкілеттік мерзімі өткеннен кейін әскери қызметті одан әрі өткере беруі үшін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің басқа әскери бөлімдеріне, мекемелеріне, әскери-оқу орындарына, кәсіпорындарына немесе ұйымдарына жіберілген жағдайда халық депутаты болып табылатын бұл адамдардың тұрғын үй жағдайын жақсарту бұрынғы жұмыс орнында тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін кезекке қойылған уақыты ескеріліп жүзеге асырылады.

Әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдарға айлықақы тиісті Кеңес белгілейтін мөлшерде төленеді. Егер Кеңес төлейтін айлықақы іссапарына жіберілгенге дейін алып келген ақшалай үлесінен аз болса (іссапарына жіберілгеннен кейін әскери атағы

бойынша жалақысының өсірілгені ескеріліп - кезекті әскери атақ пен лауазымдық жалақы берілген кезде - офицер құрамына лауазымдық жалақы өсірілген кезде), тиісті айырмасын Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі төлейді.

Әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдарды тиісті заттай және басқа үлес түрлерімен қамтамасыз етуі де Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жүзеге асырады. Мұндай жағдайда барлық тиісті заттай мүліктің орнына ақшалай өтем жасай алады;

г) әскери қызметте қалдырылып Кеңестерге іссапарына жіберілген офицер құрамдағы адамдар Кеңестердегі немесе олардың органдарындағы жұмыс мерзімі аяқталғаннан кейін заңда белгіленген тәртіппен одан әрі қызмет өткеруі үшін Қазақстан Қорғаныс министрлігінің қарауына жіберіледі.

3. Осы қаулының күші Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті органдарының және оларға бағынысты әскерлердің, Республика ұланының, Ішкі әскерлердің барлық санаттағы әскери қызметшілеріне (мерзімді әскери қызметті өткеріп жүрген әскери қызметшілерден басқа) сондай-ақ ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына таратылсын.

4. Осы қаулының 1 және 2-тармақтарында көзделген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің хұқықтары тиісінше Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасына, Ішкі істер министріне және Республика ұланының қолбасшысына беріледі деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі